

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту" туралы № 243 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 10 мамырдағы 191 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 23 мамырда № 4216 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімдігінің "Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" 2015 жылғы 10 маусымдағы № 243 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3287 тіркелген, 2015 жылдың 11 қыркүйегінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Байжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Баталов